

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Филология факультеті
Шет тілдер кафедрасы

**ПӘН БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Коды: ІҮа 1105
ID 50
«Шет тілі»

Білім беру бағдарламалары:
6B02207 Шығыстану,
6B02301 Шетел филологиясы (шығыс тілдері),
6B02314 Шетел филологиясы (қытай тілі),
6B02302 Аударма ісі (шығыс тілдері)

Бакалавриат бағдарламасы

Курс – 1
Семестр – 2
Кредит саны – 5

Алматы, 2026

1. ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

Пәннің мақсаты – ағылшын тілін орта деңгейде меңгерген бірінші курс студенттерін оқу барысында және кәсіби қызметінде табысты болуға қажетті тілдік дағдылармен қамтамасыз ету. Курс сөйлеу, тыңдалым, оқылым және жазылым дағдыларын дамытуға бағытталған.

Оқыту нәтижелері (Intermediate level):

1. **Тыңдалым.**
Таныс және академиялық тақырыптар бойынша стандартты ауызша мәтіндердің негізгі идеялары мен маңызды бөлшектерін түсінеді.
2. **Сөйлеу.**
Күнделікті және академиялық жағдайларда сөйлесуге қатысады, таныс тақырыптарда жеткілікті деңгейде еркін сөйлейді.
3. **Оқылым.**
Бейімделген және таңдалған түпнұсқа мәтіндерді түсінеді, негізгі ойды және қосымша ақпаратты анықтай алады.
4. **Жазылым.**
Қысқа эссе, ресми және бейресми хаттар, қарапайым есептер жазады.
5. **Лексика және грамматика.**
Орта деңгейдегі негізгі грамматикалық құрылымдарды және жеткілікті сөздік қорды меңгерген.

Негізгі тақырыптар:

Module 5 – The Earth is Ours!

- 1.5a – Reading/5b – Vocabulary
- 2.5c – Grammar/5f – Writing
- 3.5d – Listening / 5e – Speaking

Module 6 – Top Choices

- 4.6a – Reading / 6b – Vocabulary
- 5.6c – Grammar / 6e – Speaking
- 6.6d – Listening / 6f – Writing
- 7.CLIL
- 8.Midterm test

Module 7- Fit and Healthy

- 9. 7a – Reading/ 7b – Vocabulary
- 10.7c – Grammar / 7f – Writing
- 11.7d – Listening / 7e – Speaking

Module 8 – In other words

- 12.8a – Reading / 8b – Vocabulary
- 13.8c – Grammar / 8d – Speaking

14.8e – Listening
15. Endterm test

Негізгі әдебиеттер:

1. Virginia Evans, Jenny Dooley. *On-Screen. Student's Book B1*. Express Publishing, 2024.
2. Virginia Evans, Jenny Dooley. *On-Screen. Workbook B1*. Express Publishing, 2024.

Қосымша интернет-ресурстар:

1. Collins Cobuild Online Dictionary – <https://www.collinsdictionary.com/>
2. TED Talks – <https://www.ted.com/talks>

2. ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫН ОРЫНДАУҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ: ТЕСТІЛЕУ

2.1. Емтихан форматы: тестілеу. Платформа: Moodle LMS. Емтихан форматы – синхронды онлайн.

2.2. Тестілеудің мақсаты: пәнді оқу барысында қалыптасқан оқу нәтижелерін, дағдылар мен құзыреттерді көрсету.

2.3. Емтихан өткізу ережелері:

2.3.1. **МАҢЫЗДЫ** – емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі және ол алдын ала студенттер мен оқытушыларға белгілі болуы тиіс.

2.3.2. Емтихандық тестілеу тек университеттің ресми ақпараттық-білім беру платформаларында жүргізіледі: **Univer IS** немесе **MOODLE LMS**.

2.3.3. Сыртқы сервистерде (Google / Microsoft Forms, Kahoot, Quizlet және т.б.) емтихан өткізуге **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**. Сыртқы сервистерді тек ағымдағы сабақтар барысында қолдануға болады, бірақ емтихан үшін пайдалануға болмайды.

2.4. Тест ұзақтығы: MOODLE CMS – 60 минут, 25 сұрақ, 1 мүмкіндік.

2.5. Тестілеуді бақылау – онлайн прокторинг.

Прокторинг технологиясы (ағылш. *proctor* – бақылау) – емтихан барысын бақылау жүйесі. Прокторлар дәстүрлі аудиториялық емтихан кезіндегідей студенттердің тапсырмаларды адал орындауын, яғни өз бетінше жұмыс жасап, қосымша материалдарды қолданбауын қадағалайды. Онлайн емтихан веб-камера арқылы маман тарапынан (face-to-face proctoring)

немесе студенттің экранын, кадрдағы адамдар санын, бөгде дыбыстарды, тіпті көз қозғалысын бақылайтын бағдарлама арқылы (cyber proctoring) жүргізілуі мүмкін. Көбінесе аралас прокторинг қолданылады: бағдарлама жасаған талдаудан кейін бейнежазбаны адам қосымша қарап, ереже бұзушылықтың бар-жоғын анықтайды.

2.5.1. Емтихан кезінде студенттерге шпаргалка, ұялы телефон, смарт-сағат және қосымша ақпаратқа заңсыз қол жеткізуге мүмкіндік беретін кез келген техникалық құралдарды пайдалануға **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**.

2.5.2. Дәлелді себепсіз емтиханға келмеген жағдайда студентке «F» бағасы қойылады.

2.5.3. Осы талаптардың біреуі немесе бірнешеуі бұзылған жағдайда емтихан жұмысы жойылғаны туралы акт толтырылады және пән бойынша «F» («қанағаттанарлықсыз») бағасы қойылады.

2.5.4. Ережелерді қайта бұзған жағдайда студент факультеттің Этика кеңесінің қарауына ұсынылады.

2.5.5. Емтихан кезіндегі барлық ереже бұзушылықтар студенттің транскриптінде тіркеледі.

3. БАҒАЛАУ САЯСАТЫ

3.1. Тестілеу кезеңі аяқталған соң оқытушы студенттердің нәтижелері көрсетілген қорытынды есепті бағалап, балдарды бағалау ведомосіне енгізеді.

3.2. Moodle жүйесінде жинаған балдар тест аяқталғаннан кейін бірден жүйеде көрініс табады. Оқытушы бұл балдарды Univer IS жүйесіне көшіреді.

3.3. Баға қою мерзімі – 48 сағатқа дейін. Бұл мерзім ДАА шешімімен өзгертілуі мүмкін.

Acting Dean

B.U. Dzholdasbekova

Chairperson of the Academic Committee
for the Quality of Learning and Teaching

A.A. Akkuzova

Acting Head of Department

D.Zh. Dosmagambetova

Lecturer

A.A. Januzakova